

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

Заманауи оқушы білімнің не үшін керектігін жақсы түсініп, әрекет ете білуі керек. Осы платформалар арқылы оқушы қызығушылығын оятып, тақырыпты меңгеруіне қолайлы жағдай туғызуға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі**

1. <https://wordwall.net/ru>
2. <https://genial.ly/>
3. <https://classtools.net/>
4. <https://www.zipgrade.com/>

ӘОЖ 9/94

## **ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНДАҒЫ ГАРЕМ КӨҢІЛ КӨТЕРУ НЕМЕСЕ МӘДЕНИЕТ ОШАҒЫ?**

**Шаихова Арнай Ерлановна**

[arnaishaikhova@gmail.com](mailto:arnaishaikhova@gmail.com)

Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университетінің Тарих факультетінің,  
Қазақстан тарихы кафедрасының 2 курс студенті  
Ғылыми жетекші – Жылқыбаев К.Д.

Гарем деген әулетті мұсылмандардың үйіндегі әйелдер бөлмесі. Гарем түріктердің сөздік мағынасында «қасиетті орынды», ал арабтарда түрікше «haram» сөзі әйел деген мағына береді. Гаремге тап болған қыздар жастайынан білім алып, өнерге баулиды. Алайда Батыс Еуропалық мақала-жазбаларда Осман империясындағы гаремді тек көңіл көтеру, ішімдік пен азғыру жері ретінде ғана сипаттайды, өйткені еуропалық саяхатшылар ақпаратты бұрмалап, әсіре сілтеп жазды. Бұл Осман империясына қарсыласы, немесе ислам дініне қарсылығы бар тұлғалар, мемлекеттер.

Гарем не үшін деген сұраққа жауапты біз осман империясының мәдениетінен көре аламыз. Османдардың дәстүрі бойынша олар күндерді арттарынан ұрпақ қалдыру үшін қолданды. Бұл билікте патриархат рөлін ерекшелейді (билік ұлдары арқылы берілгендіктен). Және заңды әйелден қарағанда күндерде ешқандай мәртебе болмады. Әйелдер өз отбасының қамы үшін қулықтарға баруы мүмкін деп қорықты, сондықтан, артықшылық мүмкіндігі болса күндерге берілді.

Гарем бөлек ғимарат ретінде саналды, мысал ретінде Осман империясының Токпақы сарайын аламыз, ол негізгі үш бөлімнен тұрды:

Біріншісі-сыртқы сарай (Бирун) онда Пайғамбардың штандарты сақталған (с.а.в.)

Екіншісі - Осман мемлекетінің қазынасы, сарай мектебі, армия штабы сияқты негізгі мекемелері орналасқан ішкі сарай (Эндерун)

Үшіншісі "Сұлтан үйі" болды. Осман сұлтандары мұнда отбасыларымен пәтерлерде тұрды. Гаремге тек сұлтан ғана кіре алды. Бейтаныс адамдар мен басқаларға бұл бөлмелерге кіруге тыйым салынғандықтан, олар «Гарем-и Хумайюн» деп аталды, бұл «империялық гарем» дегенді білдіреді [5].

Гаремге жаулап алынған мемлекеттерден құлдыққа алынып, кейін базарға сатылған қыздар немесе сұлтанға сыйлыққа берілген қыздар тұрды. Кейбір отбасылар қыздарын сұлтанның сарайында жақсы өмір сүру үшін өз еріктерімен базарға сататын.

Осман империясының гаремінің құрылымы, әйелдерге берілетін титулдары падишахтың ауысуымен бірге ауысып отырды.

Джарийе немесе бикеш-ең аз жалақы тағайындалған қарапайым күң болды. Олар гаремде "лас" жұмыс жасады және мәртебесі жоғарыларға қызмет етті. Олар міндетті түрде оқытылды, осман тілі мен мәдениетін оқып және би өнерді үйренді.

Калфа-жағдайы джарийеге ұқсас, олар да лас жұмыс жасады, бірақ барлығы үшін емес, белгілі бір адамдар үшін ғана.

Уста-әдемі, өнерлі көзге түскен қыздар. Олардың сұлтанмен жақындасуына мүмкіндіктері жоғарылау болды.

Пейк - бұл әлдеқайда маңызды мәртебе. Бұл Валиде, хасеки немесе сұлтаншаға жақын болған күн.

Гезде-бұл мәртебені сұлтанмен кем дегенде бір түн өткізген қыздар алды. Олар “фаворитка” бола алды, және оларға екі қызметші берілетін.

Икбал-бұл сұлтанмен көптеген түндер өткізген және бала туғандар.

Сұлтан немесе сұлтанша - 18 ғасырға дейін гаремдегі әйелдер арасындағы ең жоғары атақтардың бірі болып саналды, одан тек сұлтанның анасы Валиде мәртебесі жоғары болды (Сүлейманның билігіне дейін). Сұлтанның барлық қыздары сұлтанша мәртебесін автоматты түрде алды. Ұлды дүниеге әкелген күн де осындай мәртебеге ие болды.

Хасеки-бұл атақ Сұлтан Сүлейманның билігімен пайда болды. Ол оны сүйікті әйелі Хюрремге енгізді.

Валиде-гаремдегі ең жоғары әйел мәртебесі. Валиде-сол уақытта билік үстіндегі сұлтанның анасы [6].

Осман империясында гарем қызын әйел қылып алуды әр ер адам армандайтын, неге?

Гаремге кез келген қыз тап бола алмады. Олар әлемнің әр жерінен әкелініп, арнайы таңдаудан өтетін. Көбінесе жіңішке бел мен кең бөкселер сұлулық стандарты болып саналды. Түріктер аққұба, шаштары мен терісі ақшыл қыздарды жоғары бағалады. Бірақ сұлулық білім, тәжірбиемен салыстырғанда түк емес [3]. Гаремнің қыздары бір бөлмеде тұрды. Тек Валиде сұлтан және икбалдар тұрды. Гарем тұрғындарының тәртібі, білім алуы үшін жасы үлкен, тәжірбиелі калфалар және ер адамдардан төмен саналатын евнухтар жауап берді. Евнухтардың 2 түрі болды: Қара евнухтар немесе сандалдар кастрация процесінде жыныс мүшелерін толығымен алып тастады және нәтижесінде гаремге қызмет көрсету үшін ең қолайлы болды. (Қара евнухтардың басшысы Кизляр аға) Ақ евнухтарға жыныс мүшелерінің кем дегенде бір бөлігін сақтауға рұқсат етілді, осылайша олар аз гаремдік міндеттерге ие болды, өйткені оларда қалған аз нәрсені пайдаланып, әйелді пайдалану қаупі әрқашан болды. (Ақ евнухтардың басшысы Капи аға) 1591 жылы Мурад III билікті ақ евнухтардан қара евнухтарға берді, өйткені ақ евнухтар тым көп ұрлық пен басқа да зұлым қылмыстарға, соның ішінде гарем әйелдерімен жақындыққа барды [1].

Гаремге тек 14 жасқа дейін алады және 2 жыл оқытып, сұлтанға дайындайды. Ең негізгі оқытылатындары: Мұсылман діні (құран кітабы), түрік тілі, түрік әдебиеті, поэзия мен каллиграфия. Гаремдегі өмірдің ажырамас бөлігі физикалық белсенділік болды: қыздар жақсы фигура сақтауға міндетті болды. Жаттығу өте алуан түрлі болды, оған би, жүгіру және жүзу кірді. Орамал ойыны өте танымал болды: қыздардың біріне мата беріледі, ол матамен басқа қыздардан қашу керек еді. Оны қуып жетіп, орамалды алып кеткен күн сәнді өмір күнін алды: оны хамам мен массаж күтіп тұрды, ал бұл ләззаттар сұлтанмен бірге түнге дайындалғандарға ғана қол жетімді болды. Сондай-ақ, гарем аумағында бассейндер болды, онда әйелдер жүзіп, жұптық созылулар жасады. Айтпақшы, дәл осы сәтте гарем иесі түнге шақыратын біреуін таңдады. Күндер күніне жеті рет тамақтанды, бірақ әрқашан дерлік аш болды. Бөліктер өте аз болды, ал табақтар кішкентай болды — бір уақытта оларға 250 грамнан аспайтын тағам ұсынылды. Кейбір тағамдар бір стақан айранға ауыстырылды. Сонымен қатар, диетаға тауық еті, балық, ет, көкөніс сорпалары, пісірілген жұмыртқа мен көкөністер кірді. Тәтті ретінде тек жемістерді, кейде кептірілген жемістерді — мейіз бен құрманы жеді, сондықтан оларда әрқашан жақсы фигурада болды.

Әрине сұлтан барлық гарем қыздарымен байланыспаған, көбісіне тіпті қарамаған да. Алайда егер қыздар сұлтанмен байланысқа 9 жылдан астам түспесе, күндерге бостандық берілетін, және жаман емес жасау болды: үй, белгілі бір көлемде өмірінің соңына дейін қазынадан ақша бөлінетін. Оларды күйеуге беретін, әрине оқыған, талантты қыздарды биліктегі беделді адамдар алғысы келді [4].

Осман империясының гаремі тек көңіл көтеру, мәдениетке ғана қатысы жоқ. Ол саясатта айтарлық кең орын алды. Біріншіден олар болашақ мұрагердің анасы. Екіншіден сұлтанның оң

қолы,мысалы Хюррем сұлтан (1502-1558) мемлекеттік істерге қатысып кеңестер беріп отыра,елшілерді өзі қабылдап саяси қайраткерлермен хат алмасуға құқығы болды.Көптеген гарем қыздары тіпті білім жағынан шехзаделарды озып кетер еді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі**

1. "Түркия туралы барлығы"сайтынан мақала [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген <https://www.allaboutturkey.com/harem.html>
2. "Гаремы XIX век"Стефания Лукас [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген [https://ridero.ru/books/garemy\\_xix\\_vek\\_1/freeText/#freeTextContainer](https://ridero.ru/books/garemy_xix_vek_1/freeText/#freeTextContainer)
3. Структура гарема в Османской империи Ткачева А.В. 2020г.[Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген <https://moluch.ru/archive/302/68322/>
4. Ш. М. Казиев. Наложницы. Тайная жизнь Восточного гарема [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген <https://cyberleninka.ru/article/n/sh-m-kaziev-nalozhnitsy-taynaya-zhizn-vostochnogo-garema/viewer>
5. Түрік зерттеушісі Буну Пайлаштың мақаласы [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген <https://osmanli.org.tr/the-harem-in-the-ottomans/>
6. [Электронды материал]. Сілтеме бойынша келтірілген <https://dzen.ru/media/id/5c908553529e8f00b26eb854/jenskaia-ierarhiia-v-gareme-osmanskoj-imperii-5f8a69ac4ab7c3765a5cd1ba>

ӘОЖ 9/94

## **ДІНИ ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ЖОЛДАРЫ**

**Шакиржанов Темірлан Алимжанұлы**

temirlan.shakirzhanov@bk.ru

Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті Тарих факультетінің 2 курс студенті

Ғылыми жетекші – Жылқыбаев К.Д.

XXI ғасырда Қазақстан Республикасындағы діни экстремизм геосаяси мақсаттарға қол жеткізу үшін саясаттың бір бөлігіне және сыртқы саяси қызметті жүргізудің құралына айналған күрделі әлеуметтік проблемалардың біріне айналуда. Осы себепті нақты мақаланың өзектілігі күмән тудырмайды. XX және XXI ғғ. тоғысында діни экстремизм проблемалары тек Қазақстанда ғана емес және осы құбылыстарға қарсы іс-қимыл жекелеген мемлекеттер үшін де, жалпы әлемдік қоғамдастық үшін де маңызды мәселелердің біріне айналды. Бұл соңғы уақыттағы террористік акциялардың ауқымы мен сипатына байланысты, олардың мәнін өзгертіп, жеке адамнан және жеке ұлттықтан жалпы адамзаттық және жалпы планетарлық құбылысқа айналғанын көрсетеді. Осыған байланысты осы құбылыстарды еңсерудің барабар әдістерін әзірлеу, олардың алдын алу жолдарын және оларды еңсеру мен жою тетіктерін табу үшін терроризм мен діни экстремизм көріністерінің қазіргі заманғы нысандарының мәнін нақты анықтау қажет.

Сыртқы саяси контексте бұл проблемаға деген көзқарас оны жаһандық және аймақтық сипаттағы халықаралық ұйымдар аясында екіжақты деңгейде өзектендіруден көрінеді. Қазақстан өзін бейбіт қозғалыстар мен бастамалардың бастамашысы ретінде бірнеше онжылдық бойы айқындап келеді. Зерделенетін мәнмәтінде Н. Назарбаев бастамашылық еткен және Астанада өткізілетін Әлемдік діндер съезін атап өту қажет. Бұл іс-шара бір үстел басында түрлі әлемдік конфессиялардың өкілдерін жинай отырып, дәстүрлі діндер арасындағы диалог пен төзімділікті арттыру үшін құрылған. ҚР Президентінің сөйлеген сөздеріне контент-талдау көрсеткендей, олардың 72% - ында "терроризм" немесе "экстремизм" деген сөздер бар. Қазақстан халқына Жолдауының мәтініне сәйкес терроризм қаупі "жаңа жаһандық нақты ахуалдың" сипаттамаларының бірі болып табылады [1].